

ISSN 1563-0226; eISSN 2617-1864

Индекс 75867; 25867

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Шығыстану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия востоковедения

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Oriental Studies

№ 3 (86)

Алматы
«Қазақ университеті»
2018



KazNU Science • ҚазҰУ Ғылымы • Наука КазНУ

ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ № 3(86)

ISSN 1563-0226; eISSN 2617-1864

Индекс 75867; 25867



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Көптілеуова Д.Т., филол.ғ.к., доцент
(Қазақстан)

Телефон: +77075005595

E-mail: dina0028@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Надирова Г.Е., филол.ғ.д., проф. — ғылыми редактор (Қазақстан)

Серікқалиева А.Е., PhD — ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Палтөре Ы.М., PhD (Қазақстан)

Алдабек Н.Ә., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ким Г.Н., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Авакова Р.Ә., ф.ғ.д. профессор (Қазақстан)

Құдайбергенова Р.Е., т.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Көкеева Д.М., ф.ғ.к. доцент (Қазақстан)

Мұстафаева А.А., PhD, доцент (Қазақстан)

Мевлют Эрдем (Mevlut Erdem), профессор (Түркия)

Роберт Эрмерс (Robert Ermers), профессор (Нидерланды)

Чжао Цюань-шэн (Zhao Quan-sheng), профессор (США)

Масару Тономура, профессор (Жапония)

Ли Джон О., профессор (Корея)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Қанаева Ә.Д., жетекші маман (Қазақстан)

Шығыстану сериясы Шығыс елдері тарихы, саясаты, экономикасы, мәдениеті, тіл білімі мен әдебиеті, тіл оқыту әдістемелері бағыттарын қамтиды.



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТИ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаққозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Ағила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Керімқұл Айдана

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

ИБ №11292

Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 0 б.т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс № . Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: Aubakirova.kunduzay@gmail.com

ДЕШТІ ҚЫПШАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРАБ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Берілген мақалада ортағасырлық араб және түркі-қыпшақ тілдеріндегі жазба ескерткіштер негізінде мәмлүктер билігі тұсындағы (XIII-XV ғ.) түркі-араб мәдени байланыстары қарастырылады. Сонымен қатар Дешті Қыпшақ мәдениетінің Араб Шығысындағы көрінісі сипатталады.

Түйін сөздер: Дешті Қыпшақ, мәмлүк, мәдениет, қолжазба, «Әл-Қауанин».

Jubatova B.N., Aubakirova K.K.
Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty,
e-mail: Aubakirova.kunduzay@gmail.com

Reflection of the Desht-i-Kipchak culture in the Arab East

This article examines the Turkic-Arab cultural contacts in the Mamluk period (XIII-XV centuries) on the basis of medieval Arabic and Türkic-Kypchak written monuments. And also, the reflection of the culture of Desht-i-Kipchak in the Arab East is described.

Key words: Deshti Qipchak, mamluk, culture, manuscript, "Al- Qawanin".

Джубатова Б.Н., Аубакирова К.К.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы,
e-mail: Aubakirova.kunduzay@gmail.com

Отражение культуры Дешт-и-Кипчака на Арабском Востоке

В данной статье рассматриваются тюркско-арабские культурные контакты при мамлюкской власти (XIII-XV вв.) на основе средневековых арабских и тюркско-кыпчакских письменных памятников. А также, описывается отражение культуры Дешт-и-Кипчака на Арабском Востоке.

Ключевые слова: Дешт-и-Кипчак, мамлюк, культура, рукопись, «Аль-Кауанин».

Қыпшақ даласынан шыққан мәмлүктер XIII-XVI ғасырлар арасында, тіпті Осман империясының билігі тұсында да Мысыр- да билік жүргізді. Олар тек билік жүргізіп қана қоймай, орта ғасырларда араб-мұсылман әлемінің орталығына айналған Мысыр же- рінде Дешті Қыпшақ өркениетінің мәдени ошағының қалыптасуына әсер етті. Көптеген араб деректерінде Мысырға мәмлүктердің Қыпшақ елінен келгендігі айтылады. Жалдама-

лы құл ретінде келіп, сұлтан дәрежесіне дейін көтеріліп, кейін үлкен лауазымға ие болған мәмлүк-қыпшақтарының кейбірі Қыпшақ жерінен өздерінің туған-туыстарын көшіртіп алып отырған. Моңғол шапқыншылығының нәтижесінде елде орын алған әлеуметтік-экономикалық күйзелістерден қиналған халықтың мәмлүк сұлтандарының Дешті Қыпшақ халқына деген асқан құрметі мен қамқорлығын естіп, Мысыр жеріне қоныс

аударғандары да белгілі. Осылайша, Мысырға мәмлүктер тек құлдық жолмен емес, өз еріктерімен, азат жолмен де келген. Бұған дәлел ретінде ортағасырлық атақты ғалым, тарихшы Ибн Хаджар әл-Асқланидің еңбегіне сүйене отырып, Мысыр тарихшысы әл-Хули былай дейді: «Мысырда мәмлүктердің саны арта түсті. Себебі ықпалы күшейген мәмлүктер өз елдерінен туған-туысқандарын алдыртып, оларды жоғары қызметтерге тағайындап отырды» [1, 12 б.]. Сонымен қатар Мысырдағы моңғолдар туралы арнайы зерттеу жұмысын жүргізген мысырлық тарихшы Мұхаммед ән-Наууар да: «Шыңғыс хан ұрпақтары ара-сында болып жатқан толассыз соғыстардың нәтижесінде, әйелдер мен жас балалар Дешті Қыпшақ жерінен Араб Шығысына, әсіресе Мысыр Мәмлүк мемлекетіне қоныс аудара бастады» деп, моңғол шапқыншылығының зардабынан туындаған әлеуметтік жағдайларға байланысты Қыпшақ даласынан көшіп келушілердің саны арта түскенін ортағасырлық араб тарихшыларының еңбектерінде келтірілген деректер арқылы растайды [2, 19 б.].

Алғашқы Мысыр Мәмлүк мемлекетінің негізін қалаған сұлтан әз-Заһир Бейбарыс пен Зейн әд-Дин Кетбұға ибн Абдуллаһ әл-Мансуридің (1294-1296) тұсында Дешті Қыпшақ жерінен Мысырға көшіп келушілердің саны арта түскен. Жалпы қыпшақтардың Мысырға келуі сұлтан Бейбарыс билік еткен кезден бастау алады. «Хиджра жыл санауы бойынша 660 жылы (1261) Құлағу елінен алтынордалықтардың алғашқы тобы Мысырға келгендігі» туралы Ибн абд әз-Заһир [3, 131 б.] мен әл-Мақризидің [4, 137 б.] еңбектерінде айтылады. Сонымен қатар әл-Мақризидің еңбегінде Дешті Қыпшақ халықтарының қоныс аударуы нәтижесінде Каирде тек татарлар тұратын *Орда* деген жаңа ауданның пайда болғаны айтылады [4, 188 б.]. Біздің пайымдауымыз бойынша, бұл жер қазіргі кезде ескі Каир қаласының дәл ортасында орналасқан «Мәмлүк сахарасы» деп аталатын аудан болуы мүмкін. Себебі халық арасында «Мәдинат әл-мәут» деген атпен аталып кеткен осы аймақта мәмлүктер билігі кезінен қалған ескерткіштер шоғырлана орналасқан.

Мысырға көшіп келген алтынордалықтардың саны арта түскенін дәлелдейтін деректер Тизенгаузеннің еңбектерінде де кездеседі [5, 100 б.]. Сұлтандардың қоныс аударушыларға деген құрметі мен қатынасы туралы ортағасырлық та-

рихшы ән-Нуайри: «Сұлтан жасақ басшыларына 100 атты әскер мен жер иеліктерін тарту етті. Олар мұсылман дінін қабылдады» десе [5, 164 б.], Бейбарыс әд-Дауадар «Зубдату әл-фикра» атты еңбегінде көшіп келгендер санының шамамен мыңға дейін жеткенін баяндап, олардың есімдерін тізіп көрсеткен [6, 101 б.].

Дешті Қыпшақ халықтарының Мысыр мен Шам жерлеріне көптеп көшіп келуінен, оларға арнайы жер бөлініп, тек мәмлүктер тұратын «Лаук» атты аудан пайда болды. Өздерінің ерлігі мен алғырлығы арқылы көзге түскен мәмлүктер жоғары лауазымды қызметке ие болып, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында шешуші рөл атқарған әскер басы, әмір, сұлтандыққа дейін көтерілді. Жаңа елде мәмлүктер ерекше мәртебеге ие болып, ерекше ақсүйектер табы ретінде қалыптасты. Әл-Қалқашанди өзінің еңбегінде олардың саны күннен күнге арта түскенін хабарласа [7, 458 б.], әл-Мақризидің «Мысыр мен Шам жерлері моңғол халқына толып, олардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы кеңінен тарай бастады» деп, мәмлүктер билігі тұсында Мысырда Дешті Қыпшақ халықтары санының артып, олардың жергілікті халықтар арасында ықпалы күшейе түскенін көрсетеді [8, 221 б.]. Басқа да ортағасырлық жазба ескерткіштерде түркі-қыпшақтарының Мысыр қоғамына тигізген әсері мен олардың әскери, саяси, әлеуметтік, мәдени, тілдік ықпалы туралы айтылады.

Мәмлүк сұлтандары Дешті Қыпшақ елін мекендеген, туыстық жағынан өздеріне жақын халықтармен, әсіресе, қыпшақтармен байланыс орнатуға жағдай жасаған. XIII-XV ғасырлар аралығында әлем тарихының барысына әсер еткен алып Мысыр Мәмлүк мемлекетінің негізін қалаған мәмлүк сұлтандарының көпшілігінің қыпшақ руынан шыққандығы ортағасырлық тарихшылардың еңбектерінде айтылады. Мысалы, кейбір ортағасырлық тарихшылардың еңбектерінде Заһир Бейбарыс қыпшақ тегінен, Бурджұғлы руынан, Мансур Қалаун таза қыпшақ руынан, түркімен қазағлы руынан шыққан деп көрсетілген [9, 47 б.]. Сонымен қатар кейбір деректерден Мәмлүктер мемлекеті мен Дешті Қыпшақ халықтары арасында мәдени байланыстардың аса мықты болғандығын көре аламыз. Екі мемлекет арасында үш ғасырға жуық болған жан-жақты достық қатынастар мәдени байланыстардың да дамуына ықпал етуі – заңды құбылыс. Екі халықтың арасындағы

осындай байланыстардың нәтижесінде өзара мәдени байыту және түркі-араб мәдени синтезі сияқты күрделі де маңызды үдерістер орын алды.

Тарихта орын алған түрлі саяси жағдайларға байланысты Мысырға қоныс аударған мәмлүк-қыпшақтары жат жерге өздерімен бірге төл мәдениеті мен тілін, салт-дәстүрлерін ала барды. Сонымен қатар Еділ мен Ніл арасындағы әскери-дипломатиялық қарым-қатынастардың нәтижесінде мәдениеттер өзара ықпалдасып, Дешті Қыпшақ мәдениетінің әсерінен араб әлемінде «түркілік стиль» қалыптасты. Атақты мысырлық ғалым, тарихшы Амин әл-Хули өзінің «Ніл мен Еділ арасындағы байланыс-стар» атты еңбегінде мәмлүк-қыпшақтарының Шығыс өркениетіне қосқан үлесі тура-лы әл-Мақризи, Ибн Йас, Тағриберди сынды ортағасырлық тарихшылардың еңбегіне сүйене отырып, мәмлүктердің Мысыр жеріне өздерінің мәдениеті мен салт-дәстүрін әкелгендігі жайлы хабарлайды [10, 64 б.]. Сонымен қатар Д.В. Бартольдтің «түріктерді араб-парсы мәдениетіне толық бағындыру ешқашан болған емес; және түріктер өз тілдерін ешқашан жоғалтқан да емес» деген сөздері түркі халықтарының төл мәдениеті мен ана тілдеріне берік болғандығын растай түседі [11, 111 б.]. Бұл жерден түркі халықтарының жат жерде жүрсе де, өз мәдениеті мен тілін жоғалтпай, керісінше жаңа ортада Қыпшақ мәдениетінің ошақтарын қалыптастырғанына көз жеткіземіз. Мысыр жерінде Қыпшақ және араб мәдениеттерінің өзара байланысын, ықпалдасуын мәмлүктер дәуіріне қатысты зерттеу жүргізген басқа да авторлардың еңбектерінен байқауға болады. Дешті Қыпшақтың мемлекеттік жүйесі мен онда өмір сүрген халықтардың этникалық құрылымын зерттеген тарихшы Б.Е. Көмеков Дешті Қыпшақ пен Мысыр арасындағы өзара байланыстар туралы былай дейді: «Моңғол шапқыншылығынан күйреген көптеген қыпшақ тайпалары басқа елге қоныс аударуға мәжбүр болды. XIII ғасырдың 60-жылдарынан бастап Мысыр мен Сирия жерлерінде билік жүргізген Мәмлүк мемлекетінің билеушілері, негізінен оңтүстік Ресей және Қазақстан даласынан шыққан қыпшақтар болған. Олардың Алтын Ордамен дипломатиялық, сауда және әскери-саяси байланыстарды орнатуы мәмлүктер мен моңғол шапқыншылығына ұшыраған елдерден үнемі құлдар келіп тұратын Дешті Қыпшақ арасындағы

өзара ықпал етуді одан әрі күшейте түсті. Әрине, отанынан алыста жат этникалық және жаттілді ортада қыпшақтар өздерінің төл салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен этникалық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысты. Оны бізге дейін жеткен жазба ескерткіштерден анық байқауға болады [12, 24 б.].

Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиетін зерттеген А. Әлібекұлы да араб тарихшыларының еңбектеріне сүйене отырып, түркі-қыпшақтарының Мысыр жеріне Қыпшақ мәдениетін алып барғандығын растайды: «Жас күндерінде құлдыққа сатылған мәмлүктер және екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас нәтижесінде барған елшілер, әскерлер, саудагерлер, ақындар, ғылым іздеген ғалымдар мен білім жетелеген шәкірттер өздерімен бірге жат-жұртқа қыпшақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, тілі мен ділін ала барды. Оларды көздің қарашығындай сақтады. Кейбір қыпшақтан шыққан мәмлүк сұлтандары түркі дүниесіне тән бағзы дәстүрлерді арабтарға да орындауға міндеттеді. Мәселен, ел билеушілері бір себептермен халық алдында немесе сауық-сайранға шыққан кездерінде түркі-моңғол дәуіріндегідей сақшылар тізіліп жүретін болған. Ал, сырнайшылар мен кернейшілері билеуші топтың келе жатқанын сырнайлап, кернейлетіп, дабыл қағып білдіріп отырған [13, 29 б.].

Құл ретінде сатылған немесе көшіп келген мәмлүктер Еділ бойындағы ағайындарынан үйренген өздерінің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, әскери-саяси жүйесін, Ясы заңын, тілдерін өздерімен бірге алып келіп, оның Мысырда кеңінен таралуына ықпал жасаған. Олар өздерінің ислам дінін қабылдағанына және көптеген әдет-ғұрыптары мен заңдарының дінге, шариятқа қайшы келуіне қарамастан, өз мәдениеті мен салт-дәстүрлерін берік ұстанған. Мысырдағы әлеуметтік таптар мен жалпы қарапайым халықтың жаңа мәдениетті қабылдауға дайын болғанын ортағасырлық тарихшылардың еңбектерімен қатар мәмлүктер кезінде жазылған филологиялық трактаттар мен сөздіктерден де байқауға болады.

Мәмлүктер билігі тұсында жазылған лингвистикалық еңбектерде әлеуметтік, тұрмыстық, мәдени реалиялардың көрінісі болып табылатын қыпшақ тіліндегі көптеген лексикалық оралымдар мен термин сөздердің араб тіліндегі аудармалары беріледі. Ортағасырлық арабша-қыпшақша сөздіктерде берілген түрлі саладағы

сөздерге жан-жақты талдау жасау арқылы, сол қоғамда өмір сүрген халықтардың рухани дүниетанымынан хабар алуға болады. Себебі кез келген халықтың тілінде сол елдің мәдени көріністері бейнеленеді. Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін, тек бейнелеп қана қоймай, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра болып табылады. Сондықтан орта ғасырдағы Мысыр мен Шамжерлеріндегі қыпшақ мәдениетімен қыпшақ тілінің алатын орнын анықтау үшін барлық түркі халықтарына ортақ мұра болып табылатын ескі қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің тек фонетикалық, морфологиялық және құрылымдық ерекшеліктерін зерттеумен ғана шектелмей, ондағы лексикалық материалдарды сол қоғамның тарихы, мәдениеті мен діні туралы құнды дереккөз ретінде пайдалануға болады. Мысалы, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің тілдік материалдарын зерттей отырып, бұл аймақтарға тән емес өмір сүру салтын сипаттайтын тек қыпшақ мәдениетіне тән *домбыра, бесік, түңлік, келі, кескі, сүргі, жайлау, қымыз, боза, құрт, қаймақ, айран, сүр ет* деген сияқты көптеген сөздерді кездестіруге болады.

Мәмлүктер билігі кезінде ат құлағында ойнаған түркі-қыпшақтар өздерімен бірге Қыпшақ даласының ғұрпына сай соғыс өнері, жылқы баптау, атпен шабу, ат үстінде күресу дәстүрлерін алып келді. Бұл Мысырдың «Дәрул-кутуб» кітапханасының мұрағаттар қорында сақталған соғыс өнері мен атбегілікке қатысты жазылған түрлі трактаттарда көрсетілген. Тіпті ортағасырлық «Әл-Қауанин», «Тәржұман», «Әд-Дурра» сияқты арабша-қыпшақша сөздіктерде «Жылқының жыныстары мен түстері» («الوانها والخيول و اجناسها»), «Жылқының түстері» («الالوانها»), «Ат әбзелдері» («عدد الخيل») деген тақыптық топтарда жылқы малына қатысты бірнеше сөздер келтірілген. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған осы сөздіктерде жылқы ма-

лына қатысты жоғарыда берілген сөздердің жиі ұшырасуы жылқы малының үлкен маңыздылыққа ие болғандығын көрсетеді. Сонымен қатар тарихтың дәл осы кезеңінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған атқа отыру, ат баптау, ат үстіндегі ұрыс тәсілдері, ат ойындары туралы жазылған ескерткіштерден де жылқы малына қатысты дәстүрлердің Араб Шығысына Қыпшақ Даласынан келгендігін байқаймыз.

Мәмлүктердің тағамдары туралы ортағасырлық араб жазба дереккөздерінде келтірілген мағлұматтарды зерттеу барысында олардың жергілікті Мысыр және сол өңірдегі басқа да араб елдерінің тағамдарынан көп өзгеше екендігі айқын көрінеді. Керісінше, оларды қазақтың ұлттық тағамдарымен салыстыру барысында көптеген ортақтықтар табылды. Мәмлүктердің той-думан сияқты немесе басқа да бас қосуларын айтпағанда, әдеттегі дәстүрлі тамағы ретінде жылқы жиі сойылғандығы туралы деректер көп. Мысыр және араб елдерінде бұрын болмаған бұл дәстүр қыпшақ мәмлүктерінің өздерімен бірге алып келгені анық [14, б. 153].

Мәмлүктер билігі кезінде өмір сүрген әл-Мақризи, әл-Айни, әл-Қалқашанди, Абу әл-Мухасин, Бейбарыс Дәуәдари сияқты араб тарихшыларының еңбектерінде мәмлүк-қыпшақтарының Мысыр жеріне өздерінің төл мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын әкелгендігі жайлы деректер сақталған. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «Әт-Тухфа», «Тәржұман», «Әд-Дурра» және «Әл-Қауанин» сияқты жазба ескерткіштерінде жылқы малы мен соғыс құралдарына қатысты сөздердің бірнеше бөлімдер арқылы берілуі атбегілік пен соғыс өнерінің түркі-қыпшақтарының өмірінде үлкен маңыздылыққа ие болғанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл ескерткіштерде берілген тілдік материалдардың арасында тек қыпшақ мәдениетіне тән *домбыра, бесік, түңлік, қамшы, қымыз, боза, құрт* сияқты атаулардың кездесуі де Дешті Қыпшақ мәдениетінің Араб Шығысындағы бір көрінісі болып табылады.

Әдебиеттер

- Амин аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв., Сокращенный перевод с арабского. – М.: Издательство восточной литературы, 1962. – 40 с.
- سعید عاشور. العصر المملوكي في مصر والشام. – القاهرة: مكتبة الداب، 1986 – 354. ص. عبد البتاح محيي الدين عبد الظاهر. الروض الزاهر في سيرة الملك الظاهر – القاهرة: دار الكتب، 1976. ص.
- Тизенгаузен Н.И. Н.И. Тизенгаузен. Летопись и летописные источники Золотой Орды. – СПб., 1884. – 385с.
- В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – СПб., 1884. – 385с.
- ركن الدين بيبرس الجوادار. زبدة الفكرة في تاريخ الهجرة – بيروت: نشرات السالمية، 1998. الجزء الأول 623 – ص.
- لقوشزدي. صبح الالعنى في صناعة النشا – القاهرة: دار الكتب، 1922. الجزء الرابع 456 – ص.
- نؤى الدين أبى العباس أحمد بن على الجؤريزى. لحواعظ والعتبار بذكر الخطط والنثار – القاهرة: دار الكتب، 2002. الجزء الرابع 498 – ص.
- أبو محمد بدر الدين العيني. السيف المهند في سيرة الملك المؤيد شيخ المحمودي – القاهرة: دار الكتب، 1967 – 497. ص.
- Бартольд А.В. // Сочинения. – М., – 1968. Т.5. – 111 б.
- Кемеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 42 с.
- Әлібекұлы А. Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі) – Алматы: Арда, 2008. – 176 б.
- Батыршаұлы Б. Мысыр мамлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғасырлар. – Алматы: Экономика, 2005. – 652 б.